



**«50 әдістен» - «50
әдіске» !!!**

- «Маған айтып берсең - ұмытып қалармын.
- Көрсетіп берсең – есте сақтармын.
- Өзіме жасатсаң – үйреніп алармын»

Конфуций

• Блум таксономиясының танымдық деңгейлері

Деңгейлер	Көрсеткіштер
1. Білім	Ақпаратты, оқу материалын (қажетті деректерді, нақты фактілерді немесе бүтін теорияларды) есте сақтау мен қайталау (репродукция).
2. Түсіну	<p>Оқу материалын бір формадан екінші формаға, бір белгі жүйесінен басқа жүйеге түрлендіру (интерпретация), ауыстыру, оқу мәліметін өздігінше игеру, салдары мен нәтижелерінің қандай болатындығы туралы алдын-ала болжау, жорамалдау.</p> <p>Мысалы, сөздерді математикалық формулаға түсіру немесе схема, кесте түрінде көрсету; өз сөзімен түсіндіріп беру, қысқаша сипаттау.</p>



3. Қолдану

Оқу материалын жаңа жағдайлар мен ситуацияларда қолдану.

Мәселен, ережелерді, формулаларды, түсініктерді, заңдарды, теорияларды, қағидаларды қолдана отырып қандай да бір проблеманы шешу.

4. Талдау (анализ)

Оқу материалын құрамдас бөліктерге жіктеп, олардың арасындағы байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша құралатындығын түсіну және түсіндіре білу.



5. Синтез

Оқу материалын пайдалана отырып, шығармашылық тұрғыдан жаңа мазмұн құрастыру.


Мәселен, баяндама немесе эссе жазу, жоспар немесе схема құрастыру.

6. Бағалау

Оқу материалының мағызын бағалау: салыстыру және айырмашылықтарын айқындау, дәлелдеу арқылы шешім қабылдау.

Мұнда тұжырымдар нақты талаптар (критерийлер) тұрғысынан болуы керек. Бұл критерийлер үйренушінің өмірлік тәжірибесі мен ұстанған көзқарастарына негізделетін немесе ұстаздың ұсынысынан туындайтын болуы керек.


Бағалау алдыңғы деңгейлердің нәтижелеріне жету мүмкіндігін береді.




“Инсерт” н/е түртіп алу әдісі

“v” білемін	“+” жаңа мәлімет	“-” білмеймін	“?” сұрақ туды

Венн диаграммасы арқылы талдау әдісі



«Эйлер шеңбері» әдісі



А-4 параққа, шағын постерге Эйлер шеңбері сызылып, кезекпен идеялар талқыланып, жазылады. Не? Қалай? Неге? Нәтиже? деген мәселер бойынша идеялар сараланады.

Кластер әдісі



Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын қарталарға түсіріп, **ТОПТЫҚ ЖҰМЫС** қорғалады (постер)

«Галереяны шарлау» әдісі Саймон Браунхилл бойынша



Қабырғаға дайындалған постер ілінеді. «Галереяға саяхат» –топтар кабинет ішінде қозғалысқа түседі, қабырға газеттерін қарайды, сараптайды, талдайды және жапсырма қағазға пікірін немесе сұрағын жабыстырып кетеді. Галереяға саяхат аяқталған соң, топтар жұмыстарға шолу жасап, өз қабырға газеттеріне жазылған сыныптастарының пікірін сараптайды, талқылайды, сұрақтарға жауап береді және қорытынды жасайды.

«Қар кесегі»

«Қар кесегі» әдісі



Әрбір топ оқушылары басқа топтарға бағыттап паракқа сұрақ жазып лақтырады. Сұрақтармен кезек-кезек алмасады. Оқушылардың айтылым, жазылым, тындалым дағдылары қалыптасады. Ынтымақтастық қарым-қатынас жасайды.

«Джигсо» әдісі



Көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді оқушыларда төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әрқайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») тобы құрылады, сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің № 1 бөлігін оқыған оқушылар 1 топқа т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді.

«Өрмекші» әдісі *(постерде)*



постерге өрмекшінің сұлбасын сала отырып, басына тақырыпты, денесіне өзекті ойларды, аяқтарына тірек сөздер арқылы шешу жолдарын жазып, өз ойларын тиянақтап пысықтайды.

«Кубизм» әдісі

Кубизм стратегиясымен жұмыс.

а/ Әр топқа кубтың бір қабырғасындағы жұмыс тапсырылады.

б/ Тапсырманы әр топ талқылайды, жазады.

Кубтың 6 қабырғасы бойынша тапсырма береді:

1 айналым

1-топ Зерттеу.

2-топ Суреттеу.

3-топ Салыстыру.

2 айналым

1-топ Қарсы шық.

2-топ Оймен байланыстыру.

3-топ Қолдану.



«Бұзық телефон» ойыны (Сергіту сәті)



Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Сергиді.

Шаттық шеңберге тұрып бастаушы келесі адам құлағына бір сөз сыбырлайды соңында бастаушыға қайта келгенде сол сөз жету керек, кейін сөзді ауыстырып жіберген адам анықталады.



«Бір минуттық әңгіме» тәсілі

Иен Майлс бойынша



Оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады, жұптық жұмыс жүреді.

Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі.

«Шеринг» әдісі Харизма бойынша (Н.Баринова)



Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтайды, пікір алмасады.

Барлығы шеңбер бойынша отырады, жүргізуші бастап, кезекпен барлығы тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылайды. Идеялар қайталанбау керек.

«МИКС» жаттығуы

- Тақтаға түйінді 9-10 тірек сөздер жазылады.
- 1-ші топ – өлең шығару,
- 2-ші топ – эссе жазу,
- 3-ші топ – суреттеу,
- 4-ші топ – сахналық көрініс,
- 5-ші топ – бір әннің мелодиясына салып, топпен орындау.

T-кестесі

- T-кестесі – бір-біріне қарама-қарсы («иә/жоқ», «келісемін/келіспеймін», «қарсымын/жақтаймын», «ішкі/сыртқы», «басы/аяғы», «маңызды/маңызды емес», «себебі/салдары» секілді) немесе салыстыруға болатын (мәселен, екі объект) ақпарат пен пікірлерді келтіруге арналған жазу кестесі.
- оқушылар алдымен берілген тапсырма бойынша өз ойларын кестеге түсіріп жеке жұмыс жасайды, содан соң олар жұптасып немесе шағын топ ішінде (4-6 адам) кестелерін салыстырып, пікірлеседі, жазғандарын толықтырады. Осыдан кейін тақтада мұғалім бүкіл сыныпқа ортақ кесте құрастыруына тапсырма береді. Әр жұп/топ бұл кестеге екі-үш пікірін ұсынады.

Келісемін / ия

Келіспеймін/жоқ

«Фишбоун» әдісі (постерде) Жапондық профессор Исикава бойынша



Постерге балықтың қаңқасы суретін салып, басына тақырып жазылады. Денесінің жоғарғы жағындағы қанаттарға идеяның себептері, төменгі қанаттарға идеяның салдары жазылады. Түйінді ой құйрығына жазылады. Кейін ауызша, жазбаша кері байланыс беруге болады

Қос жазба күнделігі

Ақпараттар	Түсіндірме (комментарий)

Қос жазба күнделігі – сабақ мазмұнына оқушылардың зейінін аударып, өз қатысын, қабылдауы мен түсінігін келтіре алатын кесте.

Оқушы қағазды екі бөлімге бөліп, сол жағын «Үзінділер» (немесе «Цитаталар») деп атап, оған тақырып бойынша өзінің назарын тоқтатқан, немесе ерекше толғандырған (келісетін, келісе алмайтын, қызықтырған, т.б.) үзінділерді жазады. Үзінділер жеке сөздер, сөз тіркестері, фразалар немесе қысқаша сөйлемдер түрінде келтірілуі мүмкін.

Қағаздың оң жағы «Түсіндірме» (немесе «Комментарий») деп аталады. Мұнда оқушы сол жақта келтірген жазбаларының түсіндірмесін келтіреді: неліктен ол бұл үзінділерді жазып алды, оның себебі қандай? Осы арқылы ол тақырып хақында өз ойларын, түсінігін, пайымдыу мен уәждерін, дәлелдерін жария етеді. Бұл баған сол жақтағыға қарағанда маңыздырақ болғандықтан, көлемді түрде тұтас сөйлемдерден тұруы керек.

Оқушылар жұптасып, жазғандарымен бөлісіп, талқылайды, пікірлеседі. Оқытушы әр үзілісте бір-екі оқушының жазбаларын бүкіл сыныпқа оқып беруін сұрағаны дұрыс.

«Концептуалдық кесте»

Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға

«Ыстық орындық -1, 2» әдісі



Сыныптағы кез-келген оқушыны «Ыстық орындыққа» отыруға шақырады. Ең маңыздысы – өз еркімен шығу. Оқушы ортада тұрған үстелге отырып тапсырма бойынша қойылған сұрақтарына жауап береді. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру қажеттігін мұғалім түсіндіреді. Сұраққа жауап бере алмаған жағдайда «күйді» деп ескерту беріледі. Осылайша бес немесе алты оқушы «Ыстық орындыққа» отыру арқылы үй жұмысын немесе жаңа сабақты қорытындылауға бойынша сұрақтарға жауап береді. 2-ші нұсқа бойынша «Ыстық орындыққа» отырған оқушы сұрақтар қоя алады.

Бес саусақ» әдісі

Кері байланыс



1. Бас бармақ – басты мәселе, бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды.
2. Балалы үйрек – бірлесу. Мен қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кімге риза болдым?
3. Ортан терек – ойлау. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
4. Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?
5. Кішкентай бөбек – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім.

«Бес саусақ» әдісі



Балалар паракқа алақандарын қойып, оны жиегімен қаламмен айналдырып өтеді.

Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:

1.«Бас бармақ»- басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?

2. «Балалы үйрек»- бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?

3. «Ортан терек»- ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?

4. «Шылдыр шүмек»-шынайылық. Сабақмаған ұнады ма? Неліктен?

5 «Кішкентай бөбек»-көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

- «SMART (ақылды мақсат)»
- S - нақты, M - өлшемді, A - қолжетімді, R - шындыққа негізделген, T - уақытпен шектелген дегенді білдіреді. Әр сабақ осындай мақсатқа негізделіп жүргізілуі шарт.

«Ашық микрофон» әдісі Саймон Браунхилл бойынша



Рефлексия

“Ашық микрофон”
әдісі

Сабақтан қандай әсер алдыңдар?
Сабақта өзіңе не ұнады?



Оқушылар қолдарына микрофон ұстап, өткен сабаққа байланысты немесе үй жұмысына байланысты сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді.

Эдвард де Боно бойынша «Ойлаудың алты қалпағы»



Ақ қалпақта сабақ бойынша фактілер мен цифрлар араласқан ойлар айтылады.



Қызыл қалпақ сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіреді.



Қара қалпақ бұл – сабақ бойынша сын-пікір, келесі сабаққа ұсыныс.



Бүгінгі сабақ тақырыбының өмірмен байланыстылығы, қажеттілігі.



Жасыл қалпақ шығармашылық жұмыс, сабақтағы жаңа ұғымдар



Барлық 6 қалпақтың пікірлерін тымдай отырып, сабақ бойынша қорытынды ой.

Эдвард де Боно бойынша

Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі (қолдан жасалынған қалпақ), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді, бағыттады.

Ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі, толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады.

«SMS – хабарлама»

Оқушыларға қағаздан жасалған қалта телефондарынан SMS хабарлама жазу тапсырылады. Хабарлама ұсынылған сөйлемдердің толықтырылған немесе аяқталған нұсқасы болуы қажет.


«Бүгінгі сабақта мен...түсіндім, ... білдім, ақиқатына жеттім»;

- «Бүгінгі сабақта мені қуантқаны...»;
- «Мен өзімді...үшін мақтар едім»;
- «Маған ерекше ұнағаны...»;
- «Сабақтан соң мен... жасағым келді»;
- «Мен... туралы армандаймын»;
- «Бүгінгі сабақта мен...жасай алдым»;
- «Мен... орындадым»;
- «...қызықты болды»;
- «...қиын болды»;
- «...мен түсіндім»;
- «Енді мен ...»;
- «...сезіндім»;
- «Мен үйрендім»;
- «Мені... таңқалдырды» және т.б.

Рефлексия

РЕФЛЕКСИЯ БӨЛІМІ

БАҒДАРШАМ



Мүлдем түсінбедім

Күмәнім бар

Сұрақтарым бар

«Сабақ мазмұны бойынша ойыңды білдір»

Сабақ мазмұны бойынша ойыңды білдір

Қандай жаңа білім
алдың?

Алған біліміңді
қолдана аласың ба?

Саған қиындық
тудырған түсініктер

РЕФЛЕКСИЯ

Екі Жұлдыз, Бір Тілек



Б.Блум таксономиясының деңгейлері бойынша сұрақтар мен тапсырмалар үлгілері

БІЛІМ

МАЗМҰНЫ	Сұрақтардың үлгілері	Тапсырмалардың үлгілері	Таным деңгейі
Қайталау немесе тану арқылы мәліметтердің есте қалай сақталғанын тексеру, мағлұмат пен деректерді еске түсіру: жабық тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді орнына қою; жатқа айту.	<ul style="list-style-type: none">- Ұлы Отан соғысы қашан басталды?- Бастауыш деген не?- Жай бөлшектер қалай жазылады?- Египеттің астанасы қандай қала?	<ul style="list-style-type: none">- Анықтау,- қайталау,- көрсету,- белгілеу,- санап шығу,- еске түсіру,- цитата келтіру,- атау,- назар аудару	<ul style="list-style-type: none">ТӨМЕНГІ

ТҮСІНУ

Мәліметтерді басқа таныс жүйеге түрлендіру, есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындау.

Ұқсастық пен айырмашылықты анықтау, салыстыру, нәтижені суреттеу.

Төрт топқа бөлінеді:

1. Түсіндірме (интерпретация) - негізгі идеяларды анықтау және олардың өзара байланыстарын келтіру: «Қалай?» «Неліктен?» сұрақтары, «Салыстырыңыздар», «Айырмашылығын көрсетіңіздер» тапсырмалары.

2. Аударма (трансформация) - мағынасын сақтай отырып, идея-ларды таныс жүйеге, формаға ауыстыру: графикті оқып беру, суретті түсіндіру, өз сөзімен мазмұндау.

3. Мысалдар - мәліметті, ойды дұрыс түсінгендікті көрсетеді.

4. Анықтамалар – атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу, таныс және түсінікті сөздермен анықтама тұжырымдау.

1. Түсіндірме.

- *X пен Y арасындағы айырмашылық қандай?*

- *Батыс және Шығыс Қазақстанның рельефін салыстырыңыздар.*

2. Аударма.

- *Түсінгеніңізді өз сөзіңізбен айтып беріңіз;*

- *Зерттеуіңізді таблица жүзінде көрсетіп, қысқаша мазмұндап беріңіз;*

- *Шығарманың сюжетін өз сөзіңізбен әңгімелеп беріңіз.*

3. Мысалдар.

Тақырып (анықтама) бойынша мысал келтіріңіздер.

4. Анықтамалар.

- *3-сынып оқушысына түсінікті болатындай етіп проблеманың анықтамасын беріңіз;*

- *Осы атауды өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз.*

- Аудару,

- сөзбен қайта құрастыру,

- суреттеу,

- сипаттау,

анықтау,

- түсіндіру,

жеткізу,

- ерекшелігін анықтау,

- өз орнына қою,

- әңгімелеп беру,

- мәлімдеп беру,

- салыстыру,

- айырмашылығын көрсету,

- қарама-қарсы қою,

- ұқсастықтарын келтіру,

- графикті оқып беру,

- болжау,

- суретті түсіндіру,

- өз сөзімен айту,

- анықтаманы тұжырымдау.

Қолдану

Белгілі бір проблеманы шешу үшін мәліметті қолдану немесе іске асыру. Студент оқытушының көмегінсіз таныс емес проблеманы өзінше шешуі керек.

Ұстаз тек шешімге емес, шешу процесінің қалайша құрылғанына да назар салуы керек, өйткені студенттің дамуы үшін шешу жолы шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.

Студенттер белгілі бір мәліметті (ереже, анықтама, формула) есте сақтайды (*Білім*), оның басқалардан айырмашы-лығын айқындайды (*Түсіну*), енді осы мәліметті нақты бір қолданыста көрсетеді / *«Қалай қолдануға болады? Жасап көр. Не білгің келеді? Таблица, график жаса» тапсырмаларына сәйкес/.*

- Интерпретациялау,
- қолдану,
- бір нәрсеге тіркеу,
- пайдалану,
- көрсетіп беру (жұмыс ретін, принципін),
- ережесін сақтап орындау (рөлді орындау),
- практикада қолдану,
- жұмысты аяқтау,
- иллюстрациялау,
- шешу,
- идеяларға жүгіну,
- жазып көрсету,
- реттеу,
- нобайын салу

О
Р
Т
А

Талдау

Зерттеу нысанасының құрылымын анықтау мақсатымен оны құрамдас бөліктерге жіктеу. Студент әртүрлі бөліктердің қалайша жұмыс істейтіндігін және нәтижеге қалай жеткізетіндігін анықтайды, түсіндіреді

Түсінуден талдау мәліметті терең өңдеумен, игерумен ерекшеленеді.

Талдау сұрақтары мен тапсырмаларының түрлері:

1. Негізін тану - құрамдас бөліктерге жіктеу, айтылған ойды әрі қарай дамыту.

Мәліметтің негізгі түсініктері арасындағы қатынастарды көрсету үшін студенттер оның шеңберінен шығуы керек.

2. Астарлы мағынаны (подтекст) ажырату - екі тұжырымның өзара қатынасын көрсету.

Тура көрсетілмеген шешімдерді, ассоциацияларды келтіру, себеп-салдарды айқындау.

3. Мотивация - себептерді айқындау.

Студент тура және жасырын (астарлы) мағына мен әрекеттерді танып, өз ойларын дәлелдер арқылы қорғауы керек.

1. Негізін тану.

- *Әңгіме құрылымы бөлімдерінің өз-ара айырмашылығын келтіріп, олардың негізгі идеяны қалайша ашатындығын айқындаңыздар;*

- *Екі теореманы салыстырып, оларды қандай да бір категорияларға жіктеп, неліктен осылайша бөлінетіндігін түсіндіріп беріңіздер .*

2. Астарлы мағына.

- *Зейнетақы реформасының мәні қандай?*

- *«Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген мақалды қалай түсінесіз?*

3. Мотивация.

- *Президенттің желтоқсан айында АҚШ-қа жасаған сапарының себебі қандай?*

- *Жердің сатылуы туралы мәселенің қазіргі күні талқылануы неліктен?*

- Бөліп шығару,

- талдау,

- бөлу,

- жіктеу,

- баға беру,

- түсіндіру,

- санап шығару,

- тәжірибе жасау,

- тестілеу,

- өзара байланысын көрсету,

- қарама-қарсы қою,

- сынау,

- диаграммамен көрсету,

- тексеру,

- талқылау,

- анықтап сұрау,

- салыстыру,

- мәселені шешу,

- қорытындылау,

- категорияларға бөлу

Ж
О
Ғ
А
Р
Ғ
Ы

Синтез

Жаңа мазмұн тудыру мақсатында элементтерді шығармашылықпен біріктіру.
Болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, өз тәжірибесі негізінде жаңа мазмұн, модель, құрылым құрастыру.
Жұмыс және нәтиже түрлері:
1. Шығармашылық жанр.
2. Жоспар құрастыру немесе тәжірибе өткізу.
3. Абстрактылы ұғымдармен негізделетін нәтижелер.

1. Шығармашылық жанрлары: эссе, шығарма, өлең, шешендік (ораторлық) сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама.
2. Мәлімет бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіріп, жоспар немесе кесте құру. Тәжірибені жоспарлап, нәтижесін бақылау.
3. Ғылыми гипотеза (болжау) құрастырып, ұсыну.

- Құрастыру,
- жоспарлау,
- ұсыну,
- жасау, жасап беру,
- ретін өзгерту,
- сөзбен құрастыру,
- алмастыру,
- өзгерту,
- жинақтау,
- шығармашылықпен орындау,
- ұйымдастыру,
- дайындау

Ж
О
О
Ғ
Р
Ғ
Ы

Бағалау

Даулы және пікірталас туғыза-тын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдеу.

Студенттер өз ойларын, идеяларын, пайымдауларын мазмұндап, оларды негіздеуі қажет.

Бұл деңгейде жауаптарда нақтылық, логикалық жүйе, дәйектілік қолданады.

«Сіздің ойыңызша бұл дұрыс па, бұрыс па? Маңызды ма, емес пе? Жақтайсыз ба? Қарсысыз ба?» деген пікірталас пен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады.

- Тиянақтау,
- салмақтау,
- бағалау,
- маңыздылығына қарап жіктеу,
- тексеру,
- салыстыру,
- қайта қарастыру,
- рет-ретімен қою,
- сұрыптау,
- ұсыныс жасау,
- таңдау,
- өлшеу, таразылау,
- сынау, сынақтан өткізу,
- шешу,
- жақтап не жоққа шығаратын дәлелдер келтіру

Ж
О
Ғ
А
Р
Ғ
Ы